

Куненова П.С. Еркебаев Д.Қ

М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университет, Қазақстан

Мәдени демалысты ұйымдастырудың мәні

Адамдардың бос уақытын ұйымдастыру – кез келген өркениетті мемлекеттің маңызды қамқорлық ісі. Бос уақыт – қоғамның рухани өмірінің басым бөлігі және әлеуметтік-мәдени институттардың практикалық қызметі болып табылады (мәдени–демалыс мекемелері: мәдениет үйлері мен сарайлары, клубтар, кітапханалар, мұражайлар, мәдениет және демалыс саябақтары, дене шынықтыру: спорт кешендері, туристік және сауықтыру мекемелері, демалыс және мәдениет орталықтары, мектептен тыс жұмыс орталықтары және т.б.).

Бос уақытты дұрыс пайдалану және дұрыс ұйымдастыру деген не? Бос уақыт – бұл жұмысқа, ұйқыға, тамақтануға және өзіне қызмет көрсетуге бөлінген уақыт емес. Адам оларға еркін билік жүргізіп, осындай еркін әрекет жасай ала ма?

Студенттердің бос уақытын дұрыс пайдалану дегеніміз – қоғамдық жұмысқа, шығармашылық қызметке және спортқа, өзіне-өзі қызмет көрсетуге және мәдени ағартуға, сайып келгенде, тұлғаның танымдық және практикалық қабілеттері мен мүдделерін жан-жақты дамытуға пайдалану болып табылады. Мәдени демалысты ұйымдастыру біздің елімізде үлкен мемлекеттік маңызды іс, жаңа әлеуметтік құбылыс болып табылады.

Пассивті демалыс дегеніміз – ұйқы, тіпті сергектік кезінде де адамның толық әрекеттенбеуі.

Белсенді демалыс – бұл шаршауға себеп болатын қозу ошағын басқа, жаңа пайда болған қозу ошағының көмегімен басуға бағытталған адамның өзге де қызметі. Яғни, жақсы демалыс адам қызметінің ауысуы, физикалық еңбектен ақыл-ойға көшу және керісінше болуы мүмкін.

Күнделікті өмірде адамның демалуы дегеніміз – әдетте, ол жұмыстан бос уақытта жасайтын (немесе жасамайтын) әрекетінің бәрі. Бірақ мәдени-бұқаралық жұмыс практикасында және теориясында демалыс түсінігі: дене және ақыл-ой күшін қалпына келтіруге ғана емес, сонымен қатар, адамның жалпы саяси және мәдени дамуына әсер ететін мәдени демалыс дегенді білдіреді. Осыдан "мәдени демалыс" термині шыққан.

Мәдени демалысты ұйымдастыру кезінде мынадай қағидалар бар:

1. Ұйымдар мен мекемелердің алдында тұрған тәрбие міндеттерін шешумен демалысты үйлестіру;
2. Демалудың әр түрлі нысандарын пайдалану және демалушылардың өз еркімен таңдауы;
3. Демалудың әр түрлі нысандарын дайындау және өткізуде келушілердің кең бастамасы мен өз бетімен қатысуы.

Оның *мақсаты* – адамды бір қызмет түрінен екіншісіне ауыстыру ғана емес, ол жұмсаған күштерді қалпына келтіруге, сондай-ақ, оны жеке тұлға ретінде байытуға, еңбек қызметінде және отбасында іске асырылмаған шығармашылық мүмкіндіктерді іске асыруға, кең әлеуметтік байланыс шеңберінде өзін-өзі танытуға жәрдемдесу.

Мәдениет қызметкерлері бос уақытта бағыттайтын адамдардың әр түрлі қызмет түрлері нақты аудиторияға, оның өз әрекетін және белсенділігін, тұлғааралық қарым-қатынасын дамытуға бағытталған.

Бос уақыт – іс-әрекет болғандықтан, ол бос уақыт өткізу немесе «не қалаймын, мен жасаймын» деген қағида бойынша әрекеттену дегенді білдірмейді. Бұл – адам алдына қоятын белгілі бір мүдделер мен мақсаттар аясында жүзеге асырылатын қызмет. Мәдени құндылықтарды меңгеру, жаңаны тану, әуесқой еңбек, шығармашылық, дене шынықтыру және спорт, туризм, саяхат – бұдан басқа да көптеген іс-әрекеттер бос уақытты қамтуы мүмкін. Бұл сабақтардың барлығы бос уақытын қол жеткізуге деңгейін көрсетеді.

Бос уақыт уақытында өз қызметін жалпыға бірдей маңызды мақсаттарға қол жеткізуге, өзінің өмірлік бағдарламасын іске асыруға, өзіндік шығармашылық маңызды күштерін дамытуға және жетілдіруге көп жағдайда, адамның әлеуметтік көңіл-күйі мен оның өз бос уақытына қанағаттануына байланысты.

Кеңес энциклопедиялық сөздігі мынадай анықтама береді: «Бос уақыт – адамда қалған жұмыс уақытынан тыс қажет шығындар шегерілетін уақыт бөлігі. Бос уақыт құрылымында белсенді шығармашылық қызметті, оқуды, өз бетінше білім алуды, мәдени тұтынуды, спорт және басқаларды, әуесқой сабақтарды, балалармен ойындарды, басқа адамдармен қарым-қатынасты ерекше сараптайды».

Қазіргі заманғы адамның бос уақытты қоғамдық өндіріс саласында қажетті еңбек етуден, сондай-ақ, адамның үй шаруашылығы мен әлеуметтік қатынастары аясындағы өзінің өмірлік функцияларын қалпына келтіруден артық уақыт деп түсінеді.

Көрсетілген есептеулерден кейін адамның игілігінде қалатын тәулік үлесі оның бос уақыты немесе күндізгі сергектік уақытының «таза» бос уақыты ретінде анықталуы мүмкін. Уақыттың осы бөлігін адам өз қалауы бойынша басқара алады.

Әдебиет:

1. Омаров Е.О. Көркемөнерпаздық шығармашылық тарихы. – А., 1999.
2. Массовые праздников культурно---спортивных комплексах,- Чимкент, 1988.
3. Усенбаев С. Эстетикалық мәдениет негіздер. – А., 2016
3. Ульянова М. Организация досуговой деятельности. -2000.
4. Ұзақбаева С.А. Эстетикалық және экономикалық тәрбие негіздері. 13-лекция. –Алматы, 2000ж.
5. Ұзақбаева С.А. Тамыры терең тәрбие. –Алматы, 1995ж.
6. Мәдени – танымдық журнал «Білім және өнер», -2019ж
7. Республикалық ғылыми- көпшілік журнал, Ұлттық тәрбие-2016